

АСЫЛ АҒА

Аяулы аға, ұлағатты ұстаз, ақын, ұлтын сүйген азаматтардың бірі Зейнолла Игілікұлы 1962 жылы Ы.Алтынсарин мектебінің 8-ші класында оқитын біздерге дене шынықтыру пәнінен сабақ беріп, класс жетекшіміз болған еді. Сымдай тартылған сымбатты жігіт ағасының шалымды қимылдары бізді таң қалдыратын. Балалық аңғалдықпен жүрген біздер ұстазымыздың сол кездерде қазақ жастарының жасырын құрылған ұйымының жетекші серкелерінің бірі болғанын да білмеппіз.

Сол 1962 жылы күзге салым жаймашуақ күндердің бірінде шағын ауылда жайсыз хабар дүңк ете түсті. Біздің аяулы ұстазымыз қылмыскер ретінде тұтқындалғаны жайлы ел арасында гу-гу әңгімеден құлақ тұнғандай еді. Кейін үлкендердің әңгімесінен аңғарғанымыз, бұл кісілер сол кездегі үкімет саясатына қарсы болып, ұлт қамын ойлаған партия құрған екен.

«ЕСЕП (елін сүйген ерлер партиясы) деп аталған жастардың бұл ұйымы жасырын жұмыс жасап, алдарына қойған ұлы мақсат жолында біршама игілікті істер атқарып үлгерген.


Біз мектеп бітіріп, жан-жаққа білім қуып кете бардық та, Зекеңмен қайта қауышудың сәті оқу бітіріп, елге оралған алпысыншы жылдардың аяғында ғана туды. Аудандық оқу бөлімінде инспектор болып бірге қызмет атқардық. Итжеккенде айдауда 3 жыл болып қайтқан Зекеңнің соңында тыңшылар жүргенін ішіміз сезетін. Қылыштың жүзінде жүрсе де бас қоса қалған жерде үкілі домбырасын қолына алып, өзінің сүйікті әнін қоңыр дауыспен орындап беруші еді. Өтірік, өсек сөзге жаны қас, тұла бойы тұнып тұрған тазалық болатын. Жаны жайсаң, текті туған жан еді ғой Зекең! Ол кісімен бірге жүрген сол бір күндер сағынышпен ойға оралады. Қиыннан қиыстырып сөз тауып кететін тапқырлығы да, жатып атар қуақылығы да бар Зекеңмен қызметтес болған жылдар мені көп нәрсеге үйретті. Жалғыз мені емес, сол тұста Зекеңмен бірге еңбек еткен ауыл азаматтары Дәрімбек, Тезекбай, Ерденбек, Совет, Кенжеғұл, басқа да жігіттерді адалдыққа, тектілікке, рухани тазалыққа үйреткен ұстаз еді.

1986 жылдың желтоқсанындағы әлемді дүр сілкіндірген қазақ жастарының Орталық комитет шешіміне қарсылығы Зекеңді де айналып өткен жоқ. Ол кезде мен аудандық білім бөлімінің меңгерушісі едім. Өзіме ұстаз болған Зекең оқу бөлімінде методист қызметінде болатын. Аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы Потапова мені күнде шақырады. Сондағы айтатыны Зекеңнің жағдайы қалай дейді, оқиғаға қандай пікір айтады дейді баяғы. Онсыз да қоңыраулы азаматтарды біраз әуре-сарсаңға салып бақты. Зекеңнің сонда айтқан сөзі әлі есімде: «Біз мұны сонау 1960 жылдары-ақ қолға алғанбыз» деп еді,

Аяулы азаматтың ооңына шырақ алып түскен қызыл империяның - қолшоқпарлары жүйкесін жұқартып бақты. Алғашқы әскери дайындық пәнінен дәріс беріп жүрген жерінен «мылтығы бар жерде қоғамға жау адамның жұмыс істеуіне болмайды» деп қуса, аудандық оқу бөлімінде қызметте болған.

Сібір орманында қиындықта өткізген Зекеңнің аз өмірі қуғын-сүргінмен өтті десем, артық айтқандық емес.

Өз басын



Тәуелсіз еліміздің болашағы жолында ғұмырын құрбан еткен аяулы азамат Зейнолла Игілікұлы жайлы көзін көрген замандастары естеліктер жазуда. Естеліктерді газетке жолдаушы Ғабдолла Зейноллаұлы

бәйгеге тігіп, «ЕСЕП» партиясының өзге мүшелерін сақтап қалуға тырысқан Зекең барлық жауапкершілікті мойнына алып, орыс орманының алыс түкпірінде небір қиындықты мойымай көтеріп қайтты. Оларды мұндай жанкештілікке жетелегей қазақ халқының бүгін өзіміз жиі айтатын бостандығы мен Тәуелсіздігі еді. Елім деп еңіреген есіл ер осыншама қиындықты қара нардай көтере жүріп, өзінің тектілігін, ар-ождан тазалығын сақтап қана қоймай, шығармашылықпен де айналысқанының куәсі болдық. Жұмыстан қолы қалт етіп босай қалғанда біздерді ертіп, Аюлының қойны-қонышын аралап қайтатын. Ондайда туған жердің таутасына тамсана, өліп -өшкен аса бір іңкәрлікпен ұзақ қарайтын. Қарайтын да, қанатын қомдап ұшуға ұмтылған қырандай көздерінен ұшқын ата шабыттанып, мөп-мөлдір жыр жолдарын төгіп-төгіп жіберетін. Ол бар болмыс-бітімімен ақын еді. Алыста жүргенде туған жерді сағынып салған әдемі әндердің де авторы болатын. «Потеманың көштері» деген сағынышқа толы әнінде елжіретер нәзік мұң, туған жерге деген іңкәрлік пен аңсау ақтарылып жатқандай әсер беретін.

Ұлағатты ұстаз, аяулы аға, азамат-ақын, тектілігі ханзадаға бергісіз Зекеңнің бойында кіші жүздің жауға жалғыз шапқан батырларындай батылдық өжеттілік, тіліп түсер нар кескендей өңірлік бар болатын. Азды-көпті дәмдес, сырлас, қызметтес болған сол жылдар менің өмірімдеп ең бір бақытты кезек болып жүрегімде жазылып қалды.

Талайлы тағдыр талқыға түскен тар заман Зекеңе запырандай ащы өксігін көлденең тартты. Соның бәріне азаматтық асыл тектілікпен тым биіктен көз салған Зекеңнің тұлғасы естен кетер ме. Баржоғы 51 жасында шашы аппақ, құдай болып ағарған асыл аға сол әдемі қалпында өмірден өтті...

Төлен МУСИН.